

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың тәуекелдер дәрежелерін бағалау критерийлерін бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2011 жылғы 17 ақпандағы № 59 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 16 наурызда № 6818 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 23 маусымдағы № 446 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 23.06.2015 № 446 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді) бұйрығымен.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2012.02.17 № 55 Бұйрығымен.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңының 13-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың тәуекелдер дәрежелерін бағалау критерийлері бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2012.02.17 № 55 Бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау, аттестаттау және аккредиттеу департаментінің директоры (Ғ.Р. Әбдірайымов) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі субъектілерінің және сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы және лицензиялау саласындағы жергілікті атқарушы органдардың тәуекелдер дәрежесін бағалау критерийлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2010 жылғы 18 ақпандағы № 60 және Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2010 жылғы

19 ақпандағы № 82 бірлескен бұйрығының күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 6075 тіркелген, 2010 жылғы 4 наурыздағы № 33 (1829) «Юридическая газета» газетінде жарияланған).

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының орынбасары Н.П. Тихонюкке жүктелсін.

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға С. Нокин

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ ұ р ы л ы с ж әне т ұ р ғы н
ү й - к о м м у н а л д ы қ ш а р у а ш ы л ы қ
і с т е р і а г е н т т і г і т ө р а ғ а с ы н ы ң
2 0 1 1 ж ы л ғы 1 7 а қ п а н д а ғы
№ 59 бұйрығымен бекітілген

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың тәуекелдер дәрежелерін бағалау критерийлері

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2012.02.17 № 55 Бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың тәуекелдер дәрежелерін бағалаудың осы критерийлері (бұдан әрі - Критерийлер) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» (бұдан әрі - Заң) және «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Заңдарына сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі субъектілерін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2012.02.17 № 55 Бұйрығымен.

2. Осы Критерийлерде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) тәуекел – тексерілетін субъектінің қызметі нәтижесінде салдарының ауырлық дәрежесі ескеріле отырып, адамның өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің

мүліктік мүдделеріне зиян келтіру ықтималдығы;
 2) бақылау субъектілері – мынадай жергілікті атқарушы органдар:
 сәулет және қала құрылысы істері жөніндегі;
 құрылыс істері.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2012.02.17 № 55 Бұйрығымен.

3. Бастапқы кезеңде бақылау субъектілері жоғары тәуекел дәрежесі тобына қосылады.

4. Бұдан әрі жүргізілген тексерулердің нәтижесі бойынша бақылау субъектілері осы Критерийлердің қосымшасына сәйкес алған баллдың жиынтығына байланысты тәуекел дәрежелеріне бөлінеді:

20 баллға дейін - жылына бір рет тексеру кезеңділігімен болмашы тәуекел дәрежесі;

20-дан 30 баллға дейін - жарты жылда бір рет тексеру кезеңділігімен орташа тәуекел дәрежесі;

30 балл және одан жоғары - тоқсанына бір рет тексеру кезеңділігімен жоғары тәуекел дәрежесі.

5. Тексеру нәтижесінде бұзушылық болмаған жағдайда бақылау субъектілері тәуекелдің аз дәрежесіне ауыстырылады.

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың тәуекелдер дәрежелерін бағалау критерийлеріне қосымша

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2012.02.17 № 55 Бұйрығымен.

Тәуекелдер дәрежесін бағалау критерийлері

№ р/с	Критерийлер	Баллдарды беру шарттары	Баллдар
1. Сәулет және қала құрылыс органдары			
1	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың және республиканың селолық елді мекендерінің мынадай қала құрылысы жобаларымен қамтамасыз етілуі:		
1.1	аумақтардың қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемалары	иә	0
		жоқ	20

1.2	бас жоспарлар	иә	0
		жоқ	20
1.3	егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары	иә	0
		жоқ	20
1.4	құрылыс салу жобалары	иә	0
		жоқ	10
1.5	аумақтық құрылыс салу қағидаларының болуы	иә	0
		жоқ	5
1.6	мынадай қағидаларды сақтай отырып, қала құрылысы жобаларын әзірлеу және іске асыру:		
1.6.1	аумақтық құрылыс салу қағидаларын	иә	0
		жоқ	5
1.6.2	қала құрылысы регламенттерін	иә	0
		жоқ	10
1.6.3	мемлекеттік қала құрылысы нормативтерін	иә	0
		жоқ	10
1.7	мыналар кезінде аумақтарды аймақтарға бөлуге бақылау жүргізу:		
1.7.1	қала құрылысын жоспарлағанда	иә	0
		жоқ	5
1.7.2	аумақтарды функционалдық аймақтарға бөлгенде	иә	0
		жоқ	5
1.7.3	қызыл сызықты сақтағанда	иә	0
		жоқ	15
1.7.4	сары сызықты сақтағанда	иә	0
		жоқ	15
1.7.5	құрылыс салуды реттеу сызығында	иә	0
		жоқ	15
1.8	жергілікті сәулет және қала құрылысы органдарының сәулет-жоспарлау тапсырмасын және басқа да рұқсат құжаттарын беру мерзімдерін сақтауы	иә	0
		жоқ	5
1.9	облыстық және базалық деңгейлерде мемлекеттік қала құрылысы кадастрын құру және жүргізу	иә	0
		жоқ	10
2	Бұрын берілген нұсқамаларды орындау	иә	0
		жоқ	10
2. Құрылыс органдары			
1	Құрылысқа тапсырысшы болып табылатын органның объектіде мемлекеттік нормативтердің талаптарын сақтауы, оның ішінде:		
1.1	жерге тиісті құқықтың болуы	иә	0
		жоқ	20
1.2	бекітілген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманың болуы	иә	0
		жоқ	20

1.3	жобалар сараптамасының оң қорытындысының болуы	иә	0
		жоқ	20
1.4	құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге тиісті рұқсаттың болуы	иә	0
		жоқ	5
1.5	лицензияланатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің тиісті түрлерін жүзеге асыру құқығына лицензияның болуы	иә	0
		жоқ	20
1.6	орындалған (орындалатын) құрылыс-монтаж жұмыстарының, қолданылатын құрылыс материалдарының (бұйымдары, құрастырмалары) және жабдықтардың бекітілген жобалау шешімдері мен мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерге сәйкес келуі	иә	0
		жоқ	15
1.7	объектіде бақылауды ұйымдастыруы және жүзеге асыруы, оның ішінде:		
1.7.1	кіру	иә	0
		жоқ	15
1.7.2	операциялық	иә	0
		жоқ	15
1.7.3	зертханалық	иә	0
		жоқ	15
1.8	атқарушылық техникалық құжаттаманы уақтылы ресімдеу	иә	0
		жоқ	5
1.9	тапсырысшының (меншік иесінің) техникалық қадағалауды ұйымдастыруы және жүзеге асыруы	иә	0
		жоқ	15
1.10	тапсырысшының (меншік иесінің) авторлық қадағалауды ұйымдастыруы және жүзеге асыруы	иә	0
		жоқ	15
2	Заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген құжаттамадан ауытқыған кезде растайтын құжаттардың болуы	иә	0
		жоқ	15
3	Объектіні пайдалануға қабылдау (іске қосу) тәртібін сақтау, оның ішінде:		
3.1	бекітілген жобаға сәйкес объектінің толық әзірлігі	иә	0
		жоқ	20
3.2	жұмыс комиссиясының оң қорытындысының болуы	иә	0
		жоқ	15
3.3	мемлекеттік қабылдау комиссиясының объектіні пайдалануға қабылдау рәсімінің ұзақтығын (қабылдау мерзімдерін) сақтау:		
3.3.1	азаматтық тұрғын үй мақсатында салынған объектілер бойынша - тапсырыс берушіден (құрылыс салушыдан) тиісті өтініш және жұмыс комиссиясы қол қойған акті келіп түскен кезден бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде	иә	0
		жоқ	5
3.3.2	ірі (техникалық жағынан күрделі) қоғамдық үйлер мен құрылыстарды, сондай-ақ халыққа қызмет көрсету саласына жататын өндірістік циклдағы өзге де объектілерді тапсырыс берушіден (құрылыс салушыдан) тиісті өтініш және жұмыс	иә	0

	комиссиясы қол қойған акті келіп түскен кезден бастап жеті жұмыс күнінен аспайтын мерзімде	жоқ	5
3.4	Комиссияны тапсырысшының шешімімен тағайындалуы және объектінің пайдалануға қабылдау рәсіміне дайын екендігі туралы бас мердігерден жазбаша хабар алынғаннан кейін бес күн мерзімнен кешіктірілмей құрылуы		
3.4.1	қабылдау комиссиясы	иә	0
		жоқ	5
3.4.2	жұмыс комиссиясы	иә	0
		жоқ	5
3.5	Мемлекеттік қабылдау комиссиясын тағайындау мерзімін сақтау:		
3.5.1	өндірістік мақсаттағы объектілерді пайдалануға қабылдау кезінде - комиссия жұмысы басталуының белгіленген мерзіміне дейін үш айдан кешіктірмей	иә	0
		жоқ	5
3.5.2	тұрғын үй-азаматтық және коммуналдық мақсаттағы объектілерді пайдалануға қабылдау кезінде - комиссия жұмысы басталуының белгіленген мерзіміне дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей	иә	0
		жоқ	5
3.6	Салынған объектіні пайдалануға қабылдау туралы мемлекеттік қабылдау комиссиясы актісінің белгіленген нысанын сақтау	иә	0
		жоқ	5
4	Бұрын берілген нұсқамаларды орындау	иә	0
		жоқ	10

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК